

Жиенбаева С.Н.

КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛА – ЕҢБЕК ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ СУБЪЕКТІСІ

Жиенбаева С.Н.

РЕБЕНОК МЛАДШЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА – СУБЪЕКТ ТРУДОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Кіші мектеп жасындағы балалардың еңбек іс-әрекетіндегі тәжірибесінің жинақталуы оның сол әрекеттің субъектісі ретінде көрінуіне ықпал етеді. Іс-әрекет субъектісі туралы философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектерде түрліше берілген. Бэкон, Гоббс, Декарт, Спиноза, Дидро сияқты әйгілі философтар адамның өз болашағы өзінің қолында, құдайдан да, басқадан да тәуелсіз, тапқыр да белсенді жасампаз тағдыр иесі, өз өмірінің саналы субъектісі деп таныды да, өздерінің философиялық ізденістерін тек осы бағытта дамытты. Субъекті проблемасы философия ғылымдарында кеңінен қарастырып, адам болмысын жасампаз және білімді таратушы деп қарастырады. «Субъект» ұғымы философия тарихында адамның табиғатқа, қоршаған әлемге белсенді әрекетінің көрінісі ретінде төмендегідей тұжырымдалған:

– субъект іс-әрекеттің белгілі бір түрінің тасымалдаушысы, ал объекті субъект іс-әрекетінің қайда бағытталуында;

– адам практикалық іс-әрекетінде объективті әлемді қайта түрлендіріп қана қоймайды, әлемді тануымен гносеологиялық субъект ретінде көрінеді;

– ойлау және таным адамның іс-әрекетінде жүзеге асады;

– индивид тек қоғамда және қоғам арқылы ғана субъекті болады;

– адам тәжірибе жинақтағанда және тәрбиелеу нәтижесінде ғана субъектіге айналады. Сонымен, субъекті ұғымын философия ғылымында адам дамуының жоғары деңгейі, оның жетілуін, табиғатқа, қоршаған әлемге белсенді әрекетінің көрінісі ретінде тұжырымдаған. Ғылымдардың негізі диалектикалық материализм субъектіні тарихи дамудың өнімі деп қарайды және оның белсенділігін адамдардың іс-әрекетінің ерекшелігімен байланыстырады. Тұлғаның даму деңгейі еңбек іс-әрекетінің субъектісі ретінде көрініп, нәтижесінде белсенділігі, өздігімен әрекетті атқаруы, мақсатын қоғамға және өзіне ыңғайлы қоя алады, оны шешудің тиімді жолдарын таңдайды, өзін-өзі бақылай алады. Тұлғаның субъекті ретіндегі басты белгісі өзіне-өзінің бағасы, жалпы еңбек іс-әрекетіндегі өзінің орнын сезінуі және қоғамдағы өзінің мәнін

түсінуі. Сондықтан бастауыш мектептен аталған сапаларға ие болу тәжірибелі білікті талап етеді.

1960 жылдары субъекті идеясына тоталитарлық идеология тарапынан тиым салынып келді. Тек С.Л.Рубинштейн еңбектерінде субъект категория ретінде әдіснамалық негізделді. Белгілі психологтың анықтамасы бойынша субъекті белсенділігімен, дамуға қабілетімен, интеграциясымен, өзін-өзі реттеу, өздігімен дамуымен ерекшеленеді. Қозғалыс, іс-әрекет және тіршілік атаулының иесі [36]. Белгілі психолог үшін оның әлеуметтік-философиялық сипаты бар, ол субъектіні іс-әрекетпен байланысты және әрекет арқылы дамыту тұрғысында түсіндіреді.

Психологтардың «тұлға», «субъект» ұғымдарының арақатынасы жөніндегі пікірлерінің маңыздылығы: субъект іс-әрекеттің өзіндік ерекшелігімен және оның өнімдік мөлшерімен сипатталса, тұлға адамның қоғамдағы жағдайын айқындайтын қоғамдық қатынас сипатымен ерекшеленеді [33,141-6]. Мұндай нақтылаулар психология, педагогика ғылымдарында айтарлықтай ілгеріледі, яғни іс-әрекет субъектісі, таным субъектісі, қарым-қатынас субъектісі, субъективті-субъективті қатынас, өмір субъектісі, тарих субъектісі, мәдениет субъектісі деген ұғымдар ене бастады.

Педагогика ғылымында «субъект» ұғымы соңғы жылдары кеңірек қолданыста болып, сыртқы ортаны танушы, оған өзінің қызығуына қарай мақсатқа сай ықпал ететін адам. Соңғы уақытта этнопедагогика ғылымында этнос субъектісі, этномәдениет субъектісі төңірегінде зерттелген жұмыстарда адамның ең жоғары дамуын субъекті категориясымен анықтайды. Осыған байланысты Г.К.Тлеужанова зерттеуінде субъекті ұғымының негізгі категориясына даралық, іс-әрекет және сананы жатқызады. Субъектінің құрылымын тігінен алғанда индивид (биологиялық бастау) + жеке тұлға (әлеуметтік бастау), субъекті (идентичность(дара), іс-әрекет, сана) ұғымдардың қатынасы арқылы анықталады. Ал көлденеңнен индивидті қажеттілігінен білімді тасымалдаушы, жеке тұлға дайындығынан жасампаз, субъекті белсенділігі жағынан әлеуметтік құндылықтың тасымалдаушысы, яғни әлеуметтік құндылықты таратушы ретінде әрекет

етеді. Оның айтуынша, субъекті категориясы алдымен жеке тұлғаның жоғары деңгейде дамуын болжайтын, жеке тұлға этномәдениет субъектісі ретіндегі белсенді мәдениетті иеленуші, қайта құрушы. Ол этноәлеуметтік құндылықтардың жалпы адамгершілік диалектикалық бірлікте болуын, яғни жоғары дәрежеде этникалық мәдениет, этноәлеуметтік қызмет көрсету деңгейін және азаматтық даралық жағдайын таратушы. Р.Айтжанованың зерттеуінде «іс-әрекет субъектінің әлеуметтік позициясын қалыптастырады, әрі іске асырады. Этнос субъектісі өз халқының мәдениетін, тарихын құрметтейтін, ой армандарды ұрпақтан ұрпаққа жалғастырушы, жүзеге асыратын іс-әрекет түрлерінде нақты міндеттерді шешіп, мақсатқа жету мүмкіндіктерін көрсететін өнімділік және табыс деңгейін сипаттайды», – деп тұлға тек іс-әрекет арқылы белгілі тұлғалық сапаларға ие болып субъектіге айналатындығын тұжырымдайды.

И.С. Якиманская «Жеке тұлға» және «субъект» категорияларының арасындағы ішкі байланысты қарастыра отырып, «Жеке тұлға болу... іс-әрекеттің, қарым-қатынастың, сана сезімнің субъектісі болу дегенді білдіреді», - деп тұжырымдайды. Автор бұл байланыстың келесі аспектілерін айрықша атап көрсетеді:

1. Жеке тұлға болу дегеніміз – өзінің жеке өмірінің субъектісі болу, айналадағы дүниемен өзінің өмірлік (витальды) байланыстарын құру.

2. Жеке тұлға болу дегеніміз – харекеттенушісі адам болып табылатын заттық әрекеттің субъектісі болу.

3. Жеке тұлға болу дегеніміз – қарым-қатынас субъектісі болу (адамның басқалардың өмірінде белгілі бір дәрежеде орын табуын ескере отырып).

4. Жеке тұлға болу дегеніміз – өзіндік сана-сезімнің субъектісі болу, оған өзін-өзі бағалау, өзінің жеке пікірін қалыптастыру.

Еліміздегі философиялық, психологиялық, педагогикалық зерттеулерде «жеке тұлға» ұғымының баламасы «кісі» деп қолданылып жүр. Олардың пікірінше, кісі – жаңа сападағы, индивидтің өзімен бірге іштен тумаған, белгілі тарихи-мәдени ортада өтетін өмір барысында қалыптасатын әлеуметтік-психологиялық және адамгершілік қасиеттері ақиқат болмысты тануға және өзгертуге бағытталған жасампаз іс-әрекет субъектісі. Басқаша айтқанда ол қоғамның өмір тәжірибесін бойына сіңірген жетілген адам.

Тұлғаның әрекетке қатынасы түрлі заңды негіздері қалыптасып, оларды түсіндіру үшін тұлғаны іс-әрекеттің субъектісі ретінде анықтау қажет. Іс-әрекеттің субъектісі ұғымын Д.Н.Узнадзеның пайымдауынша, субъектінің объективті сипатын ашып, психикалық әрекеттегі

адамның өзіндік сапасы туралы түсінік береді. Оның түсіндіруі бойынша, іс-әрекет субъектісі әрекеттің және оның нәтижесінің жиынтығы ретінде сипатталады. Еңбек іс-әрекет субъектісі ретінде тәжірибесін қалыптастыру адамның өзінің мәнді қажеттіліктерін жүзеге асыруға, әрекетті шығармашылықпен орындауға мүмкіндік береді. Аталған тұжырым субъект мәселесін педагогика теориясының қазіргі заманғы еңбек іс-әрекет субъектісі тұрғысынан қарастыруды талап етеді. Көптеген ғалымдар субъекті мәнін ашуда іс-әрекет категориясын кірістіргенге дейін, оны тек таным үдерісі тұрғысынан қарастырған. Субъектінің тәжірибелік іс-әрекетпен тікелей қарым-қатынасы орнағаннан кейін ғана оның әлеуметтік-тарихи табиғатына үңілуге жол ашылды. И.А. Зимняяның пікірінше, оқу үдерісіндегі субъектіге келесі сипаттамалар береді:

1. Субъект бар жерде объект болуы тиіс.

2. Субъект өз әрекетінің (танымдық және практикалық) түріне (тәсілі, құралы) байланысты қоғамдық болып табылады.

3. Қоғамдық субъект нақты, жеке түрінде жүзеге асырылады; ұжымдық субъект әрбір жеке адамда көрініс табады және керісінше.

4. Саналы түрде реттелетін іс-әрекет үнемі субъектілі болады, мұнда субъектінің өзі қалыптасады.

5. Жеке әрекет субъектісі – саналы түрде әрекет ететін тұлға.

6. Субъекті басқа адамдармен қарым-қатынастар жүйесінде анықталады – бұл белсенділік, біржақтылық т.б.

7. Субъекті – қарым-қатынас, іс-әрекет, сана-сезім мен болмыстың ажырамас тұтастығы.

8. Субъекті – динамикалық негіз, ол қалыптасады әрі жойылады, өзара әрекеттестіктің өзінсіз (тұлға аралық, әлеуметтік, әрекеттік) болмайды.

9. Субъекті – интерпсихикалық категория. Кез келген адам іс-әрекетінің құрамдас бөлігі, осы іс-әрекеттің тиімділігін қамтамасыз ететін танымдық үдерістері қабылдау, ес, ойлау, елестету. Танымдық үдерістер балаға алдын-ала еңбек іс-әрекетінде мақсат қоя білуге, жоспарлауға және келесі іс-әрекеттің мазмұнын білуге мүмкіндік береді. Сондықтан кіші мектеп жасындағы балалардың еңбек іс-әрекетіндегі танымдық үдерістерінің даму ерекшелігіне тоқталамыз. А.Н.Леонтьевтің пікіріне сәйкес, әрбір жаста әрекеттің бір түрі бала тұлғасының психикалық үдерістері мен қасиеттерін дамытуда жетекші мәнге ие болады. Нәрестелік кезеңде баланың анасымен, туыстарымен тікелей эмоционалды қарым-қатынасының жетекші мәні; сәбилік кезеңде – заттық әрекеттер; мектепке дейінгі жаста – ойын; мектеп жасында – оқу

әрекеті және т.б. Осы жетекші әрекеттердің контексінде аталған жасқа арналған баланың әрі қарай дамуында басым мәні бар өзгеше психикалық жаңа құрылымдар пайда болады [35, 304-6]. Жетекші әрекет теориясының маңыздылығын теріске шығармай, шынайы өмірде қазіргі бала бір емес, әртүрлі әрекет ойын, өнімді іс-әрекет, оқу іс-әрекеті негізінде еңбек іс-әрекетінің бастапқы формасын меңгереді. Ойын іс-әрекетінде бала ересектің еңбегін, еңбекке қатынасын қайта жаңғыртады, еңбектің қажеттілігін және қоғамдық мәні, еңбектің ұжымдық сипаты туралы түсінігі болады. Өнімді іс-әрекеттер: сурет салу, құрастыруда мақсат қояды, күш жұмсайды, нәтижесін алады. Оқу іс-әрекетінде еңбектің қоғамдық мәнін түсінеді, әрекетті жоспарлайды, нәтиже алады ересектің еңбегімен танысады. Сонымен 6-9 жастағы баланың еңбек іс-әрекеті ойын, өнімді және оқу іс-әрекет түрлерінде қалыптасады. Психолог Т.Тәжібаев «еңбек әрекетінде адам жұмыс орынын, құрал, аспаптарын таза ұстауға, жұмыс орындарын сапалы орындауға, уақытты үнемдеп пайдалануға дағдыланып, жалпы еңбек мәдениетін жоғарлатады, өзінің білім дәрежесіне, жеке басының қасиеттеріне сәйкес ептілік жүйелерін меңгеріп, нақтылы еңбектің шеберлігін игереді. Еңбек тәрбиесі, әлеуметтік еңбек тәжірибесі адамның еңбекке қатынасын дамытады»,– деп еңбек іс-әрекеті адамның тәжірибе жинап, өмірлік дағдыларын қалыптастыру, еңбек мәдениетін тәрбиелеудегі маңызына тоқталды [41, 156-6]. Сол сияқты мектепке дейінгі кезеңдегі балалар өзіне-өзі қызмет ету, шаруашылық-тұрмыстық, табиғаттағы еңбек түріне араласуы еңбек әрекетінің бастапқы кезеңін меңгеруін, жасы ұлғайған сайын еңбек әрекетінің шеңбері мен мазмұны кеңейгіндігін атап өткен. Осы кезеңде

меңгерген тәжірибесі кіші мектеп жасындағы балалардың еңбек сабақтарында, шеберханаларда жұмыстар атқаруы, еңбек іс-әрекетінің субъектісі болуына ықпал етеді.

Қазіргі таңда субъект пен объект адамның дүниені өзгерту, игеру және тану қызметімен байланысты қолданыла бастады, яғни субъект адам болымысы, іс-әрекеті, танымы арқылы көрінеді. Субъект тұрғысынан қарау бала мен педагогтың жеке тұлғасына, сонымен қатар олардың оқу, еңбек үдерісіндегі бірігіп істеген әрекетіне деген көзқарасты өзгертеді. Мысалы, баланың жеке тұлғасы өзара әрекеттестік пен шығармашылықпен өзін-өзі дамыту субъектісі ретінде анықтала алады. Педагогтың іс-әрекеті тек оқушы әрекетінің объектісіне (білім мазмұны, құндылықтар, қарым-қатынастар, психологиялық ахуал) ғана бағытталған, оларды тандау, зерттеу және өзгерту үдерісінде бала мен педагогтың және өзара әрекеттестіктегі топтың өзін-өзі анықтауы мен өзін-өзі дамытуы жүзеге асырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тютюник В.И. Начальный этап онтогенеза субъекта творческого труда: дисс. ... докт. Психол. наук.- М., 1994. – 349 с.
2. Тлеужанова Г.К. Формирование субъекта этнокультуры в условиях высшей школы: Автореф.... канд. пед. наук: 13.00.01. общая педагогика, история педагогики и образования, этнопедагогика – Караганда, 2004.- 30с
3. Огнев А.С. Теоретические основы психологии субъектогенеза. Воронеж.: ВФ РАГАС, 1997.– 247 с.
4. Ганзен В.И. Система описания в психологии.– Л.: Изд-ва ЛГУ, 1984.– 176с.
5. Селиванов В.В. Мышление в личностном развитии субъекта.– М.– Смоленск, 2000.– 198 с.